

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің Қаулысы 1996 жылғы 28 қазандары N 6/2.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құрамында: Конституциялық Кеңес Төрағасының міндетін атқарушы С.Ф.Темірболатов және Конституциялық Кеңестің мүшелері Н.И.Акуев, О.Қ.Ихсанов, В.В.Мамонов, С.Н.Сәбікенов., В.Д.Шопин, Парламент Мәжілісі Төрағасының Өкілі, депутат М.Н.Голоковтың, ғалым - заң зерттеуші маман А.А.Матюхиннің қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4-тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы желтоқсанның 29-ындағы "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1-тармақшасын басшылыққа ала отырып, ашық отырыста Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасы М.Т.Оспановтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру жөніндегі өтінішін қарады.

Конституциялық Кеңеске өтініш білдіруге Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасының үстіміздегі жылғы қыркүйектің 18-індегі отырысында Мәжіліс депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына түсіндірме беру жөнінде ұсыныс ете отырып, сөйлеген сөзі себеп болды.

Баяндамашы Н.И.Акуевтің хабарламасын, Республика Парламентінің Мәжілісі Төрағасының өкілі, депутат М.Н.Голоковтың түсініктемесін, маман А.А.Матюхиннің түсіндірмесін тыңдалап, істе бар жадығаттарды оқып-зерттей келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мыналарды белгіледі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасы М.Т.Оспановтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру жөніндегі өтініші келіп түсті. Аталған конституциялық нормаларға ресми түсіндірме беру қажеттігі туралы мәселе Мәжіліс депутаттарының 1996 жылғы қыркүйектің 18-індегі пленарлық отырысында сөйлеген сөздеріне қойылған болатын.

1996 жылғы қыркүйектің 18-індегі Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысының стенограммасынан өтінішке қосып берілген үзінді көшірмесін көріп отырғанымыздай, депутат М.Н.Головков өз сөзінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-

бабының 1-тармағына сілтеме жасай келіп, қолданылып жүрген құқық туралы: "... бұл кешен құқық қөлемін белгілейді де, тек жалғыз Конституция емес..." - деп тұжырым жасайды. Бұдан соң депутат Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сілтеме жасап, бұл норма "... қолда бар құқық пен бостандықты шектейтін заң жасауға, қарауға, және қабылдауға тыйым салады" - деп қорытынды жасайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының аталған баптарын талдаған кезде Конституциялық Кеңес мына жағдайларға сүйенеді:

1. 1995 жылғы тамыздың 30-ында республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағында: "Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республикалық халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады" деп тиянақталған.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығы бұл жерде құқықты субъектілердің белгіленген тәртіpte қабылдаған нормативтік құқықтық актілеріндегі: Конституциядағы және соған сәйкес келетін республика заңдарындағы, Президенттің Жарлықтарындағы, Парламенттің, оның Палаталарының және Республикасы Үкіметінің қаулыларындағы, басқа нормативтік құқықтық актілеріндегі, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардағы, Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларындағы нормалардың жүйесі ретінде қаралады. Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғарғы заң құшіне ие.

Барлық аталған нормативтік құқықтық акті, егер олар бұзылған болмаса, соның ішінде - жаңа нормативтік актілердің қабылдауына байланысты, қолданылып жүрген құқық құрамына енгізіледі.

Өзгертулер мен толықтырулар енгізілу тиісті органның құзыры шегінде белгіленген тәртіп сақтала отырып, жүзеге асырылуы тиіс. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі Конституцияның өз мәтінінде көзделген (91-бап).

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағы: "Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады"- деп белгілеген.

Конституцияның 12-бабының 1-тармағына сай Қазақстан Республикасында құқық пен бостандық Конституцияға сәйкес танылады және оған кепілдік беріледі. Бұл адам құқығы мен бостандығының санына мемлекет Республика Конституциясының және соған сәйкес келетін басқа да нормативтік құқық актілердің нормасы белгілеген шекте кепілдік береді деген сөз.

Адамның аталған құқығы мен бостандығын абсолютті деп тану олардың Қазақстан Республикасының аумағында тұратын әр адамға, оның Республика азаматы болуы-болмауына қарамастан, қолданылады дегенді білдіреді. Құқық пен бостандықтан ешкім айыра алмайды дегеніміз Конституция белгілеген құқық пен бостандықтан адамды ешкім, соның ішінде, мемлекет те, Конституция мен соның негізінде қабылданған заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда, айыра алмайды. Адамның аталған құқығы мен бостандығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сәйкес заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын белгілейді.

Сонымен қатар, адам құқығы мен бостандығын занда белгіленген тәртіпте, Конституцияда көзделген жағдайларда (12-баптың 5-тармағы және 39-баптың 1, 2-тармақтары) мемлекет шектей алады. Бұл жағдайда, Конституцияның 39-бабының 3-тармағына сәйкес саяси себептер бойынша азаматтардың құқығы мен бостандығын қандай түрде болмасын шектеуге жол берілмейді, сондай-ақ Конституцияның 11, 13-15-баптарында 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында 19-бабында, 22-бабында, 26-бабының 2-тармағында көзделген құқық пен бостандықты ешбір жағдайда шектеуге болмайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

Жоғарыда баяндалған жәйт негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4-тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 33, 37, 38-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына түсіндірме беруге байланысты Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 1-тармағының мәні бойынша "қолданылып жүрген құқық" деп белгілі бір сәтте бұзылмаған Конституция нормалары мен Республиканың басқа да осы бапта келтірілген нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ бұзылмаған халықаралық міндеттемелері түсінілуі тиіс. Бұрынырақта қабылданған актілерге белгіленген тәртіпте өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, сондай-ақ жаңа актілер қабылданған жағдайда, бұл актілердің нормасы қолданылып жүрген құқық құрамына енгізіледі, ал күші жойылды деп танылғандар - ол қатардан шығарылып тасталады. Жаңадан қабылданған нормалар өз күшіне Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5-тармақшасында бекітілген Заңның кері күші туралы ережелер сақтала отырып енгізілуі тиіс.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағында сөз етіліп отырған адам құқығы мен бостандығы деп Конституцияға сәйкес мемлекет таныған және кепілдік берген адам құқығы мен бостандығын санау керек.

Құқық пен бостандықты абсолютті деп тану - олардың Қазақстан Республикасы аумағында тұратын адамға, оның Республика азаматты болу-болмауына қарамастан, қолданылады дегенді білдіреді.

Адамды құқығы мен бостандығынан ешкім айыра алмайды дегеніміз белгіленген құқық пен бостандықтан адамды ешкім, соның ішінде, мемлекет те, Конституцияда және соның негізінде қабылданған зандарда көзделгеннен басқа жағдайларда айыра алмайды.

Адам құқығы мен бостандығының зандар мен басқа да нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылуын белгілейтіндігі жөніндегі 12-баптың 2-тармағының ережесін осы құқық пен бостандықтың жүзеге асырылуының жағдайлары мен тәртібін белгілеуші заң жасаған және қабылдаған кезде Конституция жарияланған адам құқығы мен бостандығы негіз болады деген мағынада түсіну керек.

Адам құқығы мен бостандығын белгілеуші зандарды, Конституцияның 39-бабының 3-тармағында келтірілгендерді қоспағанда, мемлекеттің шынайы әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне қарай, белгіленген тәртіпте заң шығаруши орган өзгерте алады.

3. "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 38-бабының 1-тармағына сәйкес бұл Қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың барлық аумағында жалпыға міндетті, үзілді-кесілді және шағымдануға жатпайтын болып табылады.

4. "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 41-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес бұл Қаулы ресми респубикалық басылымдарда жарияланады.

Қазақстан Республикасының
Конституциялық Кеңесі
Төрағасын міндеттін атқарушы